

4. Тексерілген учаске Қарақоңыз су қоймасы орналасқан, оның орман қорынан бөлінуі жоларалықтарын жасамайды.

5. Орман қорының санаты: ерекше құнды ормандар.

6. Учаскенің орман шаруашылығы ерекшеліктері: Орман өсіру аудандастыру бойынша, орман мекемесінің аумағы Батыс Тянь-Шанның аршалы-жемісті орман өсіру аймағы және Іле батыс таулы – жеміс орман өсіру ауданына жатқызылған.

7. Учаске мәлімделген мақсаттарға жарамды (жарамсыз), мынадай геологиялық-жер сипаттамасы бар: жарамды.

8. Бұдан бұрын орман қоры жерінен орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстырылған жер учаскелерінің болуы және орналасуы: учаске орман шаруашылығының жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстырылмаған.

(орам №, орманшылық, беру мақсаттары және учаскелер берілген ұйымның атауы көрсетілсін)

9. Беруге жоспарланып отырған жер учаскелерін пайдалану мақсаттары, орман қорының жерін бұдан бұрын белгіленген нысаналы мақсаты мен пайдалану мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы, негіздеме, балама нұсқалардың жоқтығы: Қазақстан Республикасының Орман кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 51-бабының 1-1 тармағы 5) тармақшасына сәйкес елді мекендердің шекарасы (шегі) өзгеріп, оларды ықтимал орналастырудың басқа нұсқалары болмауына байланысты.

10. Әкімшілік ауданның ормандануы: 30 пайыз

11. Сұралып отырған алқапты беру шарттары:

а) беру мерзімі: турақты.

б) рұқсат етілетін тазарту және жерді томарлардан тегістеу мөлшері - жоқ.

в) учаскені алушының міндеттемесі: Қордай ауданының әкімдігіне Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қазандағы №18-02/942 бұйрығына сәйкес ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауы тиіс.

12. Акт жасау кезінде мынадай, оның ішінде сұралып отырған учаскені беру мүмкіндігі немесе оны беру мүмкін еместігі туралы ескертпелер мен ұсыныстар жасалды:

Ұсыныстар:

-учаскенің өртке қарсы және санитарлық құрылысын қамтамасыз ету, орман өрттен сөндіру бойынша қажетті шараларды қабылдау,

- жер учаскесін нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануды қамтамасыз ету;

- орман қоры жерінде топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін және сондай-ақ қоршаған ортаның жай-күйіне теріс әсер етпейтін тәсілдермен жұмыс жүргізуді;

- орман шаруашылығы және өртке қарсы мақсаттағы электр желілерінің сақталуын, сондай-ақ оларды қажетіне қарай жөндеуді жүзеге асыру қамтамасыз ету;


- мемлекеттік орман шаруашылығы қызметкерлеріне, құзырлы органдардың адамдарына және де орман пайдаланушыларға, сондай-ақ мәдени-сауықтыру, туристік, рекреациялық және спорттық іс-шаралар кезінде қатысушыларға кедергісіз өтуін қамтамасыз ету;

- берілген учаскеде экологиялық іс-шараларды сақтай отырып, бүлінген жер учаскелерін кейіннен рекультивациялай отырып, оларды орман иеленушіге қайта тапсыру.

Жоғары көрсетілген ұсыныстарды ұсына отырып, мекеме басшылығының шешімі сұралып отырған – 12,3 га ҚР Орман кодексінің 51 бабының 1-1 тармағы 5) тармақшасына сәйкес елді мекендердің шекарасы (шегі) өзгертуіне келісімдейді.


Қолдары:

«Қарақоңыз ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі»
КММ-нің директоры:



Ш. Мәжіт

Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы:



Г. Сейдекеш

Мөр орны